



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӘЛІПБИДЕН ТЫС ГРАФЕМАЛАР

Гульнар ЕСКЕРМЕСОВА

проф. Тыныштық ЕРМЕКОВА

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

ҚОРЫТЫНДЫ

Пунктуацияға берілген көптеген анықтамалар мен зерттеулердің маңызын, жарық көрген оқу құралдарының жалпы практикалық құндылықтарын мойындағанмен де, пунктуацияға қатысты түрлі қосымша нақтылаулар мен өзгерістердің пайда болуы пунктуациялық белгілер мен пунктуациялық-графикалық құралдарды қолдану тәжірибесінде болып жатқан сапалы өзгерістерді ескеру қажеттігін көрсетеді. Әсіресе студент жастар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бұл пікірді нақтылай түседі.

Тірек сөздер: пунктуация, тыныс белгілері, эмотикондар

119

OUT OF ALPHABETICAL GRAPHEMES IN SOCIAL NETWORKS

Gulnar YESKERMESOVA

Prof. Tynyshtyk YERMEKOVA

Kazakh National Women's Teacher Training University

Almaty, Kazakhstan

Despite the recognition of the importance of many definitions and studies presented for punctuation, the generally recognized values of textbooks, the emergence of various additional clarifications and changes relating to punctuation, indicate the need to take into account the qualitative changes occurring in the practice of punctuation marks and punctuation-graphic means. In particular, the results of the survey among students clarify this opinion.

Keywords: punctuation, punctuation marks, emoticons

SOSYAL AĞLARDA ALFABEDEN GRAFİKLER

ÖZET

Noktalama işaretleriyle ilgili birçok tanımın ve araştırmanın önemini ve yayınlanan ders kitaplarının genel pratik değerini kabul ederken, çeşitli ek iyileştirmelerin ve noktalama işaretlerinde yapılan değişikliklerin ortaya çıkması, noktalama ve noktalama uygulamalarındaki nitel değişikliklerin dikkate alınması gerektiğini gösterir. Özellikle öğrenciler arasında yapılan bir anketin sonuçları bu görüşü doğrular.

Anahtar kelimeler: noktalama, noktalama işaretleri, ifadeler





ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӘЛІПБІДЕН ТЫС ГРАФЕМАЛАР

XX соңы мен XXI ғасырдың басында ақпараттық технологиялардың жылдам дамып, ақпаратты сақтау, іздеу және таратудың жаңа жолдары, сондай-ақ жаңа мәдени және тілдік орта қалыптасып келеді. Қазіргі заманғы байланыс құралдарының көбеюімен байланысты тез дамып келе жатқан жаңа лингвистикалық шындық қалыптастырылуда. Интернеттің пайда болуын осы үдерістердің негізгі көріністерінің біріне жатқызу керек. «Қазіргі уақытта Интернет жаңа коммуникативтік тәжірибе, жаңа көзқарас қалыптастыратын заманауи мәдениеттің жаңа ақпараттық ортасы болып табылады, онда барлық дәстүрлі қарым-қатынас құралдары бір немесе бірнеше нысанда қызмет етеді, мысалы: форум, блог, чат, ICQ, электронды пошта және т.б.» [Вишнякова, 2007: 22].

Интернет қазіргі уақытта тек ақпараттық орта (ақпаратты сақтау және тарату) ретінде ғана емес, коммуникативті орта ретінде де жұмыс істейді. Осыған байланысты көптеген зерттеушілер ғаламтор негізінде әр түрлі қызығушылықтары, себептері, мақсаттары, қажеттіліктері, көзқарастары, сондай-ақ жаңа кеңістікте тікелей байланысты психологиялық және әлеуметтік қызметтің нысандары бар адам өмірінің жаңа виртуалды ортасын атап өтеді. Нәтижесінде жаңа виртуалды ақпараттық қоғам қалыптасады.

Компьютерлік коммуникация - бұл компьютерлер арқылы ақпарат алмасу және адамдар арасындағы қарым-қатынас сияқты үрдістерге байланысты коммуникативтік әрекет.

Компьютерлік коммуникация - бұқаралық коммуникацияның түрі. Oxford Advanced Learner сөздігінде анықталғандай, «бұқаралық ақпарат құралдары, мысалы, газеттер, теле-радио, радио» [OALD, 1995: 720]. Басқаша айтқанда, бұқаралық байланыс - бұл газеттер, теледидар, радио арқылы жүзеге асырылатын көптеген адамдардың қатысуымен байланыс құралы.

Т.Ж. Балжированың пікірінше, интернетті «әлеуметтік коммуникациялар арқылы әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын адам ортасының жалғасы деп санауға болады» [Балжиров, 2003: 13].



Интернет - бұл электронды хабарламаның ерекше түрі. Оның мәні желіге тән функциялардан туындайды, атап айтқанда:


- бүкіләлемдік мультимедиялық хабар алмасуды (байланыс және кеңістіктік функция) қамтамасыз ететін жаһандық байланыс арнасы;
- жалпыға қол жетімді ақпараттық қойма, әлемдік кітапхана, мұрағат, ақпараттық агенттік (байланыс және уақыт функциясы);
- іскерлік және қызығушылық танытқан серіктестермен бос уақыт серіктестерінің ортақ клубымен байланыс арқылы жеке және әлеуметтік топты әлеуметтендіру және өзін-өзі жүзеге асырудың қосалқы құралы [Соколов, 2002: 8].

Қазіргі кезде интернет телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жеке және топтық коммуникация қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жаһандық әлеуметтік және коммуникациялық компьютерлік желі ретінде танылды. Интернет коммуникация ауызша және жазбаша форалар бар. Біздің нысанымыз жазбаша коммуникация, сондықтан коммуникацияның осы түрі жиі жүзеге асатын төмендегі коммуникация түрлеріне тоқталамыз:

1. Чат-коммуникация;
2. Форум-коммуникация;

Ғаламтордағы коммуникация бастапқыда тек жазбаша түрде жүргізілгені белгілі. Бірақ ол коммниканттардың эмоцияларын көрсете алмайтын. Осыны байқаған американдық белгілі компьютер маманы Скотт Эллиот Фахлман комикстерге арналған таңбалар жиынтығын пайдалануды ұсынды. Мысалы: :-) мына таңбаны оңға бұрып, оны дөңгелектеп қоршапсыз, онда күліп тұрған адам бейнесін көресіз (Сурет 1).

Сурет 1. Көңілді эмоцияны бейнелейтін смайликтің қалыптасуы



Айталық, жақында Facebook желісінде

Немесе Димаш Құдайбергеннің «Аққуым» әнінің бейнебаянының астына жазылған комментарийлер:

Зарина Исмаилова: Құтты болсын, Димаш! Өте әдемі ән және бейнебаян! Әбден жыладым (жылаған смайлик)

Stepanida Savvinova Класс (бас бармақтың суреті)

Ква Зар: Самый лучший во всей вселенной! (планета мен жұлдыздың суреті)

Гульаим Ахметова: Димаш, енбегин жана берсин, енбегине коп коп алгыс. Елинди аркашан куанта бер! Керемет алтын бала, тек биктен коре берейк, сени тил козден сактасын ! (бас бармақ пен сыйыну белгісі)

Валентина Поплавская: Ещё не придуманы самые необыкновенные слова восторга о Димаше!!! На планете Земля- он такой один!!!! Храни, Господи , его!!! Давай ему силы!!!



Байқағанымыздай, чатта оқырмандар өз серін шынайы беру үшін сөздік мәтінге қоса, тыныс белгілерін қабаттастыра қолданумен бірге түрлі эмотикондарды жиі қолданады.

Бұл тыныс белгілері мен эмотикондардың интернет коммуникациядағы ролінің күштілігін көрсетеді.

Қазіргі жастар арасындағы тыныс белгілерінің маңызын айқындау үшін студенттерге екі топқа сауалнама жүргізілді.

1-топ. Филология мамандығының студенттері арасында жүргізілді. Сауалнамаға әр курстан (1-4-курстар) 12 студенттен 48 студент қатысты.

2- топ. Басқа мамандықта оқитын студенттер арасында жүргізілді.

Сауалнамаға қатысқан студенттер:

биология мамандығы бойынша – 10,

информатика мамандығы бойынша – 10,


музыка мамандығы бойынша – 10,

дене тәрбиесі мамандығы бойынша – 10.


Екі топқа да бірдей сұрақтар таратылды. Айырмашылығы – тыныс белгісін қою үшін ұсынылған мәтінде. Филологтарға пунктограммасы мен көлемі көбірек қамтылған мәтін ұсынылса, басқа мамандық студенттеріне көлемі шағын, пунктограммасы жеңіл мәтін ұсынылды.

Филологтардың нәтижесі мына диаграммада бейнеленген:


1. Тыныс белгілерін қаншалықты жиі қолданасыз?




2. Тыныс белгісі жоқ мәтінді оқу қиын ба?




3. Артық (мүлде қолданбауға болатын) тыныс белгілері бар ма? Бар болса, көрсетіңіз.




4. Мәтінге тыныс белгілерін қойып шығыңыз.



5. Тыныс белгілерінің қате қолданысын қайдан жиірек байқайсыз?




6. Эмотикондарды тыныс белгілеріне жатқызуға бола ма?




Басқа мамандықтарда оқитын студенттер арасында да жүргізілген дәл осы сауалнаманың қорытындысы


1. Тыныс белгілерін қаншалықты жиі қолданасыз?




2. Тыныс белгісі жоқ мәтінді оқу қиын ба?




3. Артық (мүлде қолданбауға болатын) тыныс белгілері бар ма? Бар болса, көрсетіңіз.




4. Мәтінге тыныс белгілерін қойып шығыңыз.



5. Тыныс белгілерінің қате қолданысын қайдан жиірек байқайсыз?



6. Эмотикондарды тыныс белгілеріне жатқызуға бола ма?





Қорытынды:

- 1) Мамандығына қарамастан, көптеген студенттер тыныс белгілерін пайдаланады және оларсыз жазбаша коммуникацияны жүзеге асыру мүмкін еместігін түсінеді.
- 2) Студенттердің басым көпшілігі тыныс белгісі жоқ мәтінді оқу қиындық тудыратынын көрсетсе, дене тәрбиесі мамандығы студенттері тыныс белгісі жоқ мәтіндерді оқудың аса қиындығы жоқ екенін көрсетті. Ал филология мамандығының 3-4-курс студенттері тыныс белгісі жоқ мәтінді түсіну қиындығын көрсетуі – мәтінді дұрыс қабылдауда тыныс белгілерінің қаншалықты рөл атқаратындығын саналы түрде түсінуімен байланысты болса керек.
- 3) Респонденттердің басым көпшілігі артық (мүлде қолданбауға болатын) тыныс белгілері жоқ екенін көрсетеді. Бірақ ішнара мүлде қолданбауға болатын тыныс белгілері ретінде көп нүкте мен тырнақшаны көрсеткен.
- 4) Мәтінге тыныс белгілерін қоюда барлық респонденттер сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерінен қате жібермеген. Басқа мамандық студенттерінің ішінде сөйлем соңы тыныс белгілерін қоюмен шектелген студенттер бар. Филология мамандығының 1-2-курс студенттері құрмалас сөйлем мен төл сөздің тыныс белгілерінен қателесе, басқа мамандық студенттері сөйлемдегі оқшау сөздер мен жалпылауыш сөздерге байланысты қойылатын тыныс белгілерінен қате жіберген.
- 5) Сұралғандардың басым көпшілігі әлеуметтік желілерде тыныс белгілерінің қате қолданылатынын көрсетсе, 20 проценті басылымдарда, 30 пайызы екеуінде де (басылымдар мен әлеуметтік желілерде) қате қолданысты байқаған. Бірақ филологтардың 1-курс студенттері мен басқа мамандық студенттерінің ішінде қатені мүлде байқамағандар кездесті.
- 6) Эмотикондарды тыныс белгілеріне жатқызу не жатқызбау жөнінде пікір қорыту қиындық тудырды. Барлық 98 респонденттің 39-ы оны тыныс белгілерінің қатарына жатқызу керек десе, 21-і мүлде жатқызуға болмайтынын көрсетеді, ал 28 студент бұл сұраққа жауап беруге қиналатынын көрсетті.



Қорыта келгенде, жастар арасында тыныс белгілерін қолдануда проблемалар бар. 98 респонденттің 32-сінің ғана тыныс белгілерін дұрыс қойып, 47-нің қате жіберуі, 10 пайызының тек сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін қойып шығуы жоғары білім саласында тыныс белгілерін оқытуға назар аудару қажеттігін көрсетеді. Жазба тіл қоғамдық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Сол себепті ол стиль қалыптастырушы, норма қалыптастырушы қызмет атқарады. Қоғам дамуына байланысты таңбаның білдіретін мәні күрделеніп, мазмұн межесі сан жағынан да, сапа жағынан да жетіліп отырады. Қоғам дамуымен байланысты тілдегі өзгеріс, жаңалықтар мәтіннің пунктуациялық жағынан безендірілуіне де белгілі бір дәрежеде ықпал етіп жатады. Бұл тыныс белгілерінің қолданыс ауқымына да, функционалдық жүгіне де, олардың саны, мен сапасына ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар мәтінді семантикалық және коммуникативтік-прагматикалық ұйымдастыруда да маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Осылайша тыныс белгілері, бір жағынан, тілдегі қалыптанған нормаларға сүйене отырып, тұрақты сипатқа ие болса, екінші жағынан, автор діттеміне сәйкес, қоғам дамуына, тілдің синтаксистік құрылымындағы өзгерістерге байланысты тиісті түзетулер ену мүмкіндігі бар әліпбиден тыс графикалық белгілер жиынтығы екенін нақтылай түседі.





Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Вишнякова Е. А. Электронное письмо в составе сетевого текста на английском языке: Дисс.... канд. филол. наук. - М., 2007. - 197 с.
2. [OALD, 1995: 720].
3. Бальжирова Т.Ж. Интернет как средство социальной коммуникации в условиях формирующегося в России информационного общества: Автореф. дис... канд. социол. наук. - Улан-Удэ: Бурятский гос. ун-т, 2003. -21 с.
4. Соколов, А. В. Общая теория социальной коммуникации: Учебное пособие. - Спб.: Изд-во Михайлова В. А., 2002. - 461 с.

